

FTAX3 06.73.55

ӘОЖ 33.336

JEL G21

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2026-1-2-324-335>

КАДЫРБЕКОВА Д.С.,¹

PhD, қауымдастырылған профессор.

e-mail: 6537275@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-8641-253X

АБДИЛДАЕВА Н.Д.,^{*2}

докторант.

*e-mail: naz.milady@mail.ru

ORCID ID: 0009-0003-8196-7677

ТОҚБЕРГЕНОВА У.А.,²

Э.Ғ.М., аға оқытушы.

e-mail: tokbergen75@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-9678-8124

КЛИМОВА Т.Б.,³

Э.Ғ.К., доцент.

e-mail: tklimova@bsuedu.ru

ORCID: 0000-0001-6329-8404

¹Қазақ спорт және туризм академиясы,

Алматы қ., Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

Алматы қ., Қазақстан

³Белгород мемлекеттік ұлттық

зерттеу университетінің,

Белгород қ., Ресей

ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ӘСЕР ЕТУШІ КӨРСЕТКІШТЕРІ: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЫСАЛЫНДА

Андатпа

Зерттеу жұмысының мақсаты еліміздің туризм индустриясының даму тенденциялары мен әсер етуші көрсеткіштерін талдау және оның әсерін анықтау. Халықаралық ұйымдар басылымдары мен әлем ғалымдарының еңбектерін талдау, туризм және туристік ресурстар ұғымдарына авторлық анықтама беру, туризм индустриясына әсер етуші көрсеткіштерін анықтап зерттеу, іріктеп алынған көрсеткіштердің орташа арифметикалық мәнімен әрбір көрсеткіштің үлес салмағын Фишберн әдісімен және абсолюттік мәнінің үлесін есептеу арқылы интегралдық көрсеткіштер нәтижесіне қол жеткізу мен қорытынды жасау мақаланың міндеттерінде қарастырылады. Сонымен қатар, жоғары қарқынмен дамып отырған туризм индустриясын зерттеуші ғалымдардың ғылыми жұмыстарына әдебиеттік шолу жасалады. Туризм индустриясындағы қарқындылықтың артуы әлем ғалымдары мен халықаралық Ұйымдардың басты назарындағы өзекті тақырыптардың бірі. Экономикалық өсуге жаңа импульс беруші туризм индустриясына басым әсер етуші көрсеткіштердің талдануы, олардың әрбіреуінің туризмнің дамуына әсерін талдау мақаланың өзектілігін арттырады. Ғылыми мақаланы талдау барысында, мақалаға қойылған мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін авторлар бірнеше ғылыми әдістерге тоқталады. Алыс және жақын елдер ғалымдарының ғылыми жұмыстарымен толық танысуда анализ және синтез жасау, ҚР-ң Статистикалық Агенттігінің және Талдау ақпараттық жүйесінің 2020–2025 жж. мәліметтеріне сәйкес орташа арифметикалық мәні арқылы әрбір көрсеткіштің басымдылық үлесі мен абсолюттік мәнінің үлесі анықталады және қорытынды жасалады. Мақаланы қорытындылай отырып, еліміздің туризм индустриясын дамыту мақсатында жүргізіп отырған іс-шараларының қарқынды түрде жүргізілуі нәтижесінде республикамыздың туризмді дамытудағы жағымды серпіні көрінеді. Нәтижесінде авторлардың зерттеу мақсатында таңдап алынған көрсеткіштерінің дифференциалды болуы және кейбір көрсеткіштердің басымдылық шамасының жоғарылығы анықталды.

Тірек сөздер: туризм, индустрия, көрсеткіштер, үлес салмағы, басымдылық, экономикалық өсу, аймақ, даму.

Кіріспе

Туризм индустриясы миллиондаған халықтың әлемнің түкпір-түкпірін саяхаттануына, туризмге салынған инвестицияның өсуіне, инновациялардың жандануына, халықтың жұмыспен қамтылуына, туризм сферасындағы білім алушылар санының артуына, аймақтардағы инклюзивтілік мәселесінің шешілуіне әсер етуші бағыттардың біріне айналып отыр.

Жаһандану туризм индустриясының дамуына әсер етіп, талаптарын күшейтуде. Дамушы елдер үшін жаһандану туристік өнімдердің түрленуіне және туристік ресурстардың дамуына, олардың халықаралық стандарттарға дейін көтерілуіне әкеледі. Туризм – ел экономикасына валюта әкелуші және экономикалық өсуге импульс беруші сала.

Қазақстан Республикасының туризм саласын арттыру әлеуеті өте жоғары, осыған орай халықаралық туризмді дамытуда туризм түрлерін көбейту мақсатында көптеген жұмыстар жүзеге асырылуда.

Республикамызға келуші туристер саны жыл өте артуда, туристер қазынаға табыс әкеледі, олар саяхаттайды, тамақтанады, логистика түрлерін пайдаланады, жалпы туристік өнімдерді сатып алу арқылы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер мен инфрақұрылымның өсуіне әкеледі.

1991 ж. Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан Республикасында Туризм және экскурсия жөніндегі ҚР-ң кеңесі, Интурист және Спутник жастар туристік ұйымы, ҚР-ң жастар ісі, туризм және спорт министрлігі өз жұмыстарын бастап кетті. 1992 ж. ҚР-ң алғашқы Туризм заңы қабылданып, ал 1993 ж. ҚР-сы UNWTO халықаралық туризм ұйымының мүшесі болды. 1996 ж. алғашқы ИнтерКонтиненталь қонақ үйі Алматы қаласында, Көкшетау, Алтынемель, Іле-Алатау ұлттық парктері ашылып, алғашқылардың қатарында болды. 1998 ж. Қарқаралы ұлттық паркі және Алматыда Интерконтиненталь 5 жұлдызды қонақ үйі өз қызметін бастады. 2000 ж. Бурабай ұлттық паркі ашылып, туристерді өз табиғатымен тарта бастады. 2001 ж. ҚР-ң туристік қызметі туралы Заңы, 2003 ж. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі ЮНЕСКО-ң Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілді. 2008 жылдан бастап республикамызға келуші туристер ағыны UNWTO халықаралық туризм ұйымының әдісімен есептеле бастады. 2017 ж. ЭКСПО ұлттық көрмесі жүргізіліп, осы жылы Қазақтуризм ұлттық компаниясы өз жұмысын бастап кетті. 2020 жылдан бастап еліміздегі туристер ағыны электрондық форматта Қонақ атты ақпараттық жүйемен тіркей бастады және осы жылы туризм сферасына қажетті мамандарды дайындау мақсатында Түркістан қаласында Туризм және қонақжайлылық білім ордасы ашылды [1].

2021 ж. Түркістан қаласында Керуен сарай туристік кешенінің ашылуы жаңа туристер ағынына импульс берді [2].

2022 ж. ішкі туризмді дамыту мен отбасылық туризмге жаңа тыныс беру мақсатында ҚР-ң аумағындағы жас жолаушыларға (2–17 жас аралығы) «Кидс гоу фри» бағдарламасы аясында ішкі әуе тасмалдарына билеттің құнын мемлекет тарапынан субсидиялау жұмыстары жүргізіле бастады [3].

Елімізде туризм индустриясының қарқынын арттыруда 2023 ж. ҚР-ң туризм индустриясын дамытудың 2023–2029 жж. арналған тұжырымдамасы бекітілді [4].

2025 жылғы Елбасының Халыққа Жолдауында жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстанның болашағы туралы, бәсекеге қабілеттілікті арттыру, экономикалық өсуге ұмтылуда сандық өзгерістердің барлық салаларға (білім беру, туризм, қызмет көрсету) енгізілуі мақсатында отандық және шетел инвестициясы ағынының тартымдылығын арттыру туралы атап өтті [5].

Туризм индустриясының қарқындылығы әлем ғалымдары мен Халықаралық Ұйымдардың басты назарындағы өзекті тақырыптардың бірі. Туризм елдің макроэкономикалық көрсеткіштеріне мультипликативті және синергиялық әсер етуші бағыттардың біріне айналып отыр. Экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған, соның ішінде ЖІӨ-гі туризмнің үлесінің өсуі, жұмысбастылыққа оң әсер етіп, миллиондаған халықты табыспен қамтушы, инклюзивтілік бағыттағы жандардың мәселесіне шешім табушы, жалпы экономикалық өсуге итермелеуші бағытқа айналды. Туризм индустриясы – экономикалық өсуге жаңа импульс беруші туризм индустриясын жан-жақты зерттеуші отандық және шетел ғалымдарының ғылыми мақалаларындағы өзекті тақырыптардың бірі. Туризм индустриясы экономикалық дамудың жаңа қозғаушы күші ретінде инфрақұрылымның дамуына, аймақтарда

кәсіпорындардың және жаңа жұмыс орындарының ашылуына, ЖІӨ-дегі туризм үлесінің артуына әсері мақаланың өзектілігін арттырады.

Ғылыми мақаланың мақсаты елімізде туризм индустриясының дамуына әсер етуші көрсеткіштерді талдау және әрбіреуінің үлесін есептеу арқылы басымдылығын анықтау.

Қойылған мақаланың мақсатына қол жеткізу үшін келесідей міндеттер беріледі:

1. Халықаралық ұйымдардың басылымдары мен әлем ғалымдарының еңбектеріне талдау жасау.
2. Туризм, туристік ресурстар ұғымдарына авторлық анықтама беру.
3. Туризм индустриясының дамуына әсер етуші көрсеткіштерін анықтау және талдау.
4. Іріктеп алынған көрсеткіштердің орташа арифметикалық мәнімен әрбір көрсеткіштің үлес салмағы, абсолюттік мәнінің үлесін және интегралдық көрсеткіштерін есептеу.
5. Зерттеу нәтижесіне қол жеткізу және қорытынды жасау.

Мақаланың зерттеу пәні экономикалық өсуге қол жеткізу мақсатында дамудың теориялық, әдістемелік және қолданбалы мәселелерді шешуге бағытталады. Зерттеу жұмысының ғылыми объектісі – туризм индустриясының дамуына әсер етуші көрсеткіштерді талдау.

Зерттеуден алынған нәтижелердің практикалық маңыздылығы – туризмнің дамуы арқылы оң серпін алу, алынған авторлық тұжырымдар, ғылыми ұсыныстар мен есептеулер негізінде туризмді дамыту теориясы мен практикасын толықтырады.

Жаһандану уақытсында ел экономикасына жаңа қозғалыс беруші туризм индустриясын жан-жақты зерттеуші әлем ғалымдарының зерттеу жұмыстары мен Халықаралық ұйымдардың басылымдарына сұраныс пен қызығушылықтың артуы, аталған саладағы жыл сайынғы туризм динамикасының артуымен байланысты. Осыған орай, жоғары қарқынмен дамып отырған туризм индустриясын зерттеуші ғалымдардың ғылыми жұмыстарына әдебиеттік шолу жасалады.

Отандық зерттеушілер еңбегінде ТМД мемлекеттері арасындағы туризмнің даму ерекшеліктеріне мен кедергілері, сонымен қатар, туристік қатынастар қарқындылығы есептеледі [6].

Ресей ғалымдарының мақаласында Ресей аймақтарындағы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің тиімділігін арттыруда туризм саласындағы экожүйелерінің даму векторын анықтауда қонақжайлылық және туризм саласындағы кәсіпорындардың қызметін оңтайландыру мақсатында интеграцияланған цифрлық ортаның маңыздылығы қарастырылады [7].

Қытай және Пәкістан ғалымдары туризм мен ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласының экономикалық өсуде маңыздылығы мен цифрландырудың қоршаған ортаға әсері азиялық мемлекеттер үшін кванттық регрессия әдісімен талданады [8].

Испания ғалымы саяхаттаушы туристерді қабылдаушы елдің имиджі, өмір сүру сапасы, сатып алу қабілеті, елдердің арақашықтығы сияқты факторларға тоқталады [9].

Эфиопия зерттеушісі ғылыми жұмысында халықаралық туризмге әсер етуші факторларды, соның ішінде, әлеуметтік-мәдени, географиялық, демографиялық, халықаралық ұтқырлық, технология, психология, өмір салты, қауіпсіздіктің халықаралық туристер ағынына әсерін талдайды [10].

Мақала авторлары әдебиеттік шолуды қорытындылай отырып, «туризм», «туристік ресурстар» ұғымдарына келесідей авторлық анықтамаларға тоқталады: туризм – қонақжайлылық, тасымалдау басқа да қызмет көрсету саласын қамтушы маңызды әлеуметтік-экономикалық құбылыс. Адамның өз тұрғылықты жерінен басқа елге бір тәуліктен артық уақытқа демалу, емделу, іскерлік жұмыстарымен сыртқа шығуы.

Туристік ресурстар – туристік инфрақұрылымды, туристік маршруттарды дамытудың негізі болып табылады. Келушілерді орналастыру мен тамақтандыру қызметтерін ұсынушы қонақжайлылық қызметін көрсетуші және туристік өнімдердің қалыптасуына қатысатын кәсіпорындар.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысының әдіснамалық және теориялық негізі туризм индустриясының дамуын әсер етуші экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, технологиялық, инвестициялық көрсеткіштер, әрбір көрсеткіштің тиімділік мәселелері бойынша отандық, шетел ғалымдары еңбектері мен ҚР-ң Статистикалық Агенттігінің мен Талдау ақпараттық жүйесінің басылымдары құрайды.

Әрбір көрсеткіштің республикамыздағы ішкі және халықаралық туризмнің дамуына әсері бары сөзсіз. Осы мақсатта алынған көрсеткіштердің үлес салмағын есептейміз. Берілген көрсеткіштердің орташа арифметикалық мәні арқылы, әрбір көрсеткіштің үлес салмағын математикалық есептеулер әдісі негізінде біле аламыз.

$$= i1 * \text{Экон.} + i2 * \text{Әлеум.} + i3 * \text{Эколог.} + \frac{i4 * \text{Техн.} + i5 * \text{Инвест.}}{5} \quad (1)$$

мұндағы:

$i1 - i5$ көрсеткіштері – туризм индустриясының дамуына әсер етуші көрсеткіштер, олардың әрбіреуінің мәні;

(1) формуланы ескере отырып, туризм индустриясына әсер етуші әрбір көрсеткіштің орташа мәнін есептей отырып, әртүрлі өлшем бірліктерін теңестіруіміз қажет. Шамалардың мәні 0–1 аралығында орналасады. Егер көрсеткіштердің орташа мәні 1-ге жақын болса, онда дамуға жақсы әсер етуші шама және керісінше.

Әрбір көрсеткіштер бойынша үлес салмағы (басымдылық үлесі) анықтау үшін қарапайым және стандартты Фишберн формуласын қолданамыз. Көрсеткіштердің дәрежесі 1-ге тең болса, онда көрсеткіштің маңыздылығын, басымдылығын білдіреді.

$$\omega_i = \frac{n - r_i + 1}{\sum_{j=1}^n (n - r_j + 1)} \quad (2)$$

мұндағы:

ω_i – көрсеткіштердің басымдылық үлесі;

n – көрсеткіштердің жалпы көлемі ($n=5$);

$r_{i,j}$ – көрсеткіштердің дәрежесі.

Көрсеткіштердің абсолютті үлесі 2020–2025 жж. бойынша келесі 3 формула арқылы есептеледі. Абсолютті үлес әрбір көрсеткіштердің 1 жыл ішіндегі жалпы көлемдегі үлесін көрсетеді.

$$d_{i,j} = \frac{X_{ij}}{\sum_{i=1}^n X_{ij}} \quad (3)$$

мұндағы:

$d_{i,j}$ – көрсеткіштің абсолютті үлесі;

X_{ij} – j жылындағы i тобының көрсеткіштер мәні;

$\sum X_j$ – осы жылғы барлық көрсеткіштердің қосындысы.

Көрсеткіштердің үлес салмағы (мен абсолютті үлесі нәтижелерін қолдана отырып, интегралдық көрсеткіштерді есептей аламыз. Интегралды көрсеткіштер формуласы келесідей:

$$I_j = \sum w_i d_{i,j} \quad (4)$$

мұндағы:

w_i – көрсеткіштердің үлес салмағы;

$d_{i,j}$ – көрсеткіштердің абсолютті үлесі.

Интегралдық көрсеткішті есептеудің мақсаты келесідей: мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамудың жалпы деңгейін білу, барлық көрсеткіштердің бірден әсерін анықтау, туризм индустриясы құрылымның тиімділігін ескеру.

Зерттеу жұмысын талдау барысында, мақалаға қойылған мақсаты мен міндеттерге жету үшін авторлар бірнеше ғылыми әдістермен жұмыс жасады. Алыс және жақын елдер ғалымдарының ғылыми жұмыстарымен толық танысуда анализ және синтез жасау, ҚР-ң Статистикалық Агенттігінің және Талдау ақпараттық жүйесінің 2020–2025 жж. мәліметтеріне сәйкес орташа арифметикалық мәні арқылы әрбір көрсеткіштің үлес салмағы, яғни әрбір көрсеткіштің басымдылығы Фишберн әдісімен анықталады және абсолюттік мәнінің үлесі зерттеледі.

Нәтижелер мен талқылау

Республикамызда туристік инфрақұрылым кәсіпорындарының артуы сырттан келуші және ішкі туристердің ағынын арттыруда. 1 кестеде ҚР-на сырттан келуші және ішкі туризм бойынша туристердің келу ағыны беріледі.

Кесте 1 – ҚР-на сырттан келуші және ішкі туризмнің орналастырылған орындары бойынша қызмет көрсетілгендер ағыны, 2020–2025 ж.

жылдар	Сырттан кіруші туристердің ағыны (резидент емес)	Ішкі туризм бойынша ағыны (резиденттер)
2020	252726	3328614
2021	329754	5145217
2022	929844	6407318
2023	1084771	7054499
2024	1294869	7824431
2025	1386813	8245530
Ескертпе: Авторлармен [11] дереккөз негізінде құрастырылған.		

ҚР-ң статистикалық Агенттігінің мәліметтеріне сәйкес, елімізге 2020 жылдан бастап сырттан келуші және ішкі туризм ағынының артуына әкелді. 2025 жылғы ішкі туристердің қарқынын 2024 жылмен салыстырғанда 5,4%-ға және сырттан келушілер саны 7,1%-ға артып отыр.

Республикамыздағы туристік инфрақұрылымның сапалы қызмет көрсетуі елімізге келуші туристер санының артуына маңызды рөл атқарады. Сондықтан, 2-кестеде республикамыздағы туристерге қызмет көрсетуші қонақ үй санаттарының көрсеткіштері талданады.

Кесте 2 – ҚР-сы қонақ үйлерінің негізгі көрсеткіштері, 2020–2025 жж.

Қонақ үй санаты	Қызмет көрсетілген келушілер саны, адам								
	резиденттер			резидент еместер			орташа құны (тг), төсек-күніне		
	2020	2021	2022	2020	2021	2022	2020	2021	2022
5 жұлдыз	238343	323402	458571	104845	171813	253957	35534	47813	49729
4 жұлдыз	246679	406577	528327	52592	122034	174385	18642	23346	24676
3 жұлдыз	148925	173462	219661	21925	43546	62726	11014	15727	15686
2 жұлдыз	13107	8354	10266	357	841	1243	13147	12700	13500
1 жұлдыз	3337	1579	2078	87	204	227	5136	5377	5546
Қонақ үй санаты	Қызмет көрсетілген келушілер саны, адам								
	резиденттер			резидент еместер			орташа құны (тг), төсек-күніне		
	2023	2024	2025	2023	2024	2025	2023	2024	2025
5 жұлдыз	468916	470 020	370114	292957	346 307	265458	53565	58 681	71674
4 жұлдыз	599412	443 460	294553	225048	201 947	179459	26672	29 913	31431
3 жұлдыз	180479	198 026	144080	61125	103 140	84295	16462	17 989	19457
2 жұлдыз	16852	15 537	8877	700	947	312	14200	16 520	16561
1 жұлдыз	2077	1 767	1231	25	30	48	8823	10 433	10442
Ескертпе: Авторлармен [12] дереккөз негізінде құрастырылған.									

2-кестедегі 2020–2025 жж. статистикалық мәліметтерге сәйкес, 3 жұлдызды, 4 жұлдызды, 5 жұлдызды қонақ үй санаттары бойынша резиденттер және резидент еместер арасында сұраныстың жоғарылығы көрінеді. Қонақ үй санаттары бойынша аталған жылдардағы бронь-дайтын төсектің орташа құнының өскені, 2024 және 2025 жж. 5 жұлдызды санаттағы төсектің орташа құны 22,14%-ға артып отырғаны көрінеді. 2020 жылды 2025 жылмен салыстырғанда осы көрсеткіштер бойынша 101,7%-ға өскен. 2020 және 2025 жж. бойынша 5 жұлдызды санаттағы орындарға орналасушы резиденттер және резидент емес елімізге келуші адамдар санын салыстыратын болсақ, онда резидент саны 55,2%-ға және резидент еместер арасында 153,2%-ға өскен.

Ішкі туризмді дамыту мақсатында әсер етуші көрсеткіштерге талдау жасау арқылы, мақсатты көрсеткіштерін зерттеуде, әрбіреуінің басымдылығын анықтау арқылы республикамыздың ішкі туризмге әсері анықталады. Туризм индустриясына әсер етуші көрсеткіштерді іріктеуде авторлар келесідей түрлеріне тоқталады: экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, технологиялық, инвестициялық. 3-кестеде авторлар іріктеп алған туризм индустриясының серпініне әсер етуші факторларының мазмұндары тізбектеледі.

Кесте 3 – Туризм индустриясы ағынының артуына әсер етуші көрсеткіштерге сипаттама

Көрсеткіштер сипаттамасы	Көрсеткіштер атаулары
Республикамыздың және өңірлердің экономикалық көрсеткіштеріне әсер етуші және экономикалық ахуалды анықтаушы факторлар.	1. Экономикалық (млн тг): түпкілікті тұтыну әдісімен ЖІӨ; таза экспорт; тұру және тамақтану қызметтеріндегі таза пайда (аралас таза пайда).
Еліміздегі жұмысбасты азаматтардың айлық жалақысын талдау негізінде әлеуметтік деңгейін анықтайды.	2. Әлеуметтік (млн тг): халықтың жан басына шаққандағы орташа номиналды жалақысы; денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуде негізгі капиталды тұтыну; тұру мен тамақтанудағы қызмет көрсетуде еңбекақы төлеу.
Экологиялық факторларды зерттеу арқылы қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындардың маңыздылығы мен оның туризм ағынына әсерін білу.	3. Экологиялық (мың тг): қоршаған ортаны тазалауға жұмсалған шығындар; қоршаған ортаны тазалауда жұмысшыларға төленетін еңбекақы мен әлеуметтік топтарға бөлінген шығындар; ауаны тазалауда ғылыми-зерттеу шығындары.
Технологиялық серпіліс, сандық технологияның қоғамға енуі, цифрландырудағы инновациялар негізінде экономикалық даму.	4. Технологиялық (млн тг): ақпарат пен байланыстағы табыстар көлемі; ғылыми-зерттеуге жұмсалатыр шығындар; бизнестегі инновациялық зерттеу жұмыстары шығындары.
Отандық және шетел инвесторларын тарту негізінде туризм ахуалына серпіліс беру, туризм индустриясын дамыту.	5. Инвестициялық (мың тг): негізгі капиталға салынған қаржылар; халықтың жан басына шаққандағы негізгі капиталға салынған ақша қаражаттары; қоршаған ортаны қорғауға (экология) бағытталған ақша ағыны.
Ескертпе: Авторлармен [13] дереккөз негізінде құрастырылған.	

3-кестеде туризм индустриясы ағынына әсер етуші көрсеткіштерге қысқаша сипаттама берілген. Әрбір көрсеткіштің туризмнің дамуына әсерінің болуы сөзсіз, бірақ оның басымдылығын анықтау мақсатында 4-кестедегі ҚР-ң Статистикалық Агенттігінің және Талдау ақпараттық жүйесінің 2020–2025 жж. мәліметтерімен толықтырылады.

4-кестеде туризм индустриясының дамуына әсер етуші көрсеткіштердің 2020–2025 жж. статистикалық мәліметтеріне сәйкес экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, технологиялық, инвестициялар ағыны соңғы жылдары артып отыр.

Мақаламыздағы іріктеліп алынған әсер етуші көрсеткіштерді талдай отырып, олардың басымдылық шамасын анықтай отырып, әрбір көрсеткіш бойынша нормаланған мәндердің орташа арифметикалық шамаларын анықтау арқылы қол жеткізе аламыз.

Кесте 4 – Туризм индустриясының дамуына әсер етуші факторларының статистикалық жиынтығы, 2020–2025 жж.

2020	2021	2022	2023	2024	2025
1. Экономикалық (млн.тг): 1) Түпкілікті тұтыну әдісімен ЖІӨ; 2) Таза экспорт; 3) Тұру және тамақтану қызметтеріндегі таза пайда (таза аралас пайда).					
70621123	82015001	103470837	117107785	83306901	97111380
2338957	1483169	4270389	2429386	2653340	14298213
399440	440520	540749	674607	815818	84521410
2. Әлеуметтік (млн.тг): 1) Халықтың жан басына шаққандағы орташа атаулы жалақысы (тг); 2) Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуде негізгі капиталды тұтыну; 3) Тұру мен тамақтанудағы қызмет көрсетуде еңбекақы төлеу;					
116126	130616	164438	189953	215979	238848
116254	139304	175366	199917	232695	254801
1274800	1590603	1945116	2069539	2387431	3650382
3. Экологиялық (мың тг.): 1) Қоршаған ортаны тазалауға жұмсалған шығындар; 2) Қоршаған ортаны тазалауда жұмысшыларға төленетін еңбекақы мен әлеуметтік топтарға бөлінген шығындар; 3) Ауаны тазалауда ғылыми-зерттеу шығындары.					
384000005	416955575	444514269	610285222	456106008	516006018
37412014	38473968	50560962	64147303	65685432	69680013
218521	219496	361657	767591	611833	649871
4. Технологиялық (млн.тг): 1) Ақпарат пен байланыстағы табыстар көлемі; 2) Ғылыми-зерттеуге жұмсалатыр шығындар (мың.тг); 3) Бизнесітегі инновациялық зерттеу жұмыстары шығындары (мың.тг).					
817401	948161	955569	1325693	1529014	199138
89028	109332	121560	172585	219669	225840
36833	38216	31921	35510	60857	66942
5. Инвестиция (мың.тг): 1) Негізгі капиталға салынған инвестициялар; 2) Халықтың жан басына шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестициялар; 3) Қоршаған ортаны (экологияны) қорғауға бағытталған инвестициялар.					
12271002	13242233	15251104	17649 312	19461332	22185918
654210101	696900002	776710101	8869120103	965400110	982345011
173618612	171165359	159660892	267260 782	108252769	112301450
Ескертпе: Авторлармен дереккөз негізінде құрастырылған [14].					

Кесте 5 – Туризм индустриясының дамуына әсер етуші көрсеткіштерінің орташа шамасы

Көрсеткіш	2020	2021	2022	2023	2024	2025	Орташа мәні	Көрсеткіштер дәрежесі
экономикалық	0,25	0,27	0,42	0,39	0,27	0,94	0,42	5
әлеуметтік	0,46	0,53	0,65	0,74	0,84	1,00	0,70	2
экологиялық	0,55	0,57	0,66	0,86	0,72	0,79	0,69	3
технологиялық	0,49	0,56	0,57	0,71	0,90	0,62	0,64	4
инвестициялық	0,63	0,66	0,70	0,85	0,72	0,76	0,72	1
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.								

5-кестеде туризм индустриясының дамуына әсер етуші көрсеткіштерін есептеуде олардың өлшем бірліктерінің түрлілігіне байланысты айырмашылықты ажырату үшін берілген деректерден орташа мәндерін алып, стандарттық ауытқуға бөлу негізінде шеше аламыз, сол кезде деректер мәні бірге теңеседі. Кестеде алынған деректер мәні әртүрлі, осы мақсатта көрсеткіштердің басымдылығын анықтап, 1 формуламен есептей отырып қалыпты мәнді аламыз.

Іріктеп алынған көрсеткіштердің орташа арифметикалық мәнімен әрбір көрсеткіштің үлес салмағы (басымдылық үлесі) Фишберн әдісімен, 2 формула негізінде есептеледі және 6-кестеде есептеу нәтижелеріне қол жеткізе аламыз.

Кесте 6 – Туризм индустриясы көрсеткіштерінің басымдылық үлес салмағы және интегралдық көрсеткіштердің нәтижелері

көрсеткіштер	Туризм индустриясына әсер етуші көрсеткіштертің үлес салмағы					
	2020	2021	2022	2023	2024	2025
экономикалық	0,10	0,10	0,11	0,11	0,10	0,11
технологиялық	0,02	0,02	0,02	0,02	0,03	0,03
әлеуметтік	0,55	0,54	0,53	0,58	0,57	0,55
экологиялық	0,01	0,01	0,01	0,01	0,02	0,01
инвестициялық	0,32	0,33	0,33	0,28	0,28	0,30
Туризм индустриясына әсер етуші интегралдық көрсеткіштердің нәтижелері						
Қазақстан Республикасы						
экономикалық	0,20					
технологиялық	0,13					
әлеуметтік	0,27					
экологиялық	0,07					
инвестициялық	0,33					
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.						

6-кестедегі көрсеткіштердің туризм индустриясының дамуына әсерін зерттеуде пандемиядан кейінгі мәліметтерді есептеу арқылы басымды көрсеткіштер шамасы әртүрлі болып отыр. Инвестициялық көрсеткіштер бірінші орында және экологиялық көрсеткіштердің үлесі екінші орында, әлеуметтік және басқа көрсеткіштер үлесі төмендеу. Туризмнің дамуына, жалпы экономика құрылымына үлкен әсер етуші экологиялық шығындар және де инвестицияның рөлі де маңызды болып табылады. Туризм индустриясына әсер етуші интегралдық көрсеткіштердің нәтижелері әрбіреуінің үлес салмағы (мен абсолютті үлесі) арқылы есептеліп, интегралдық көрсеткіштер іс жүзінде тұрақты мәнге теңесті, шамамен 0.27–0.28 мәнді құрайды.

Пандемиядан кейінгі жүргізіліп отырған мемлекеттік бағдарламалар мен жобалардың нәтижесінде инвестициялық, әлеуметтік көрсеткіштерінде басымдылық жоғары, сондықтан аталған көрсеткіштердің туризмнің дамуына жағымды әсері көрінеді. Басымды көрсеткіштердің болуы аталған салалар инфрақұрылымына мультипликативті және синергиялық әсерінің болатыны сөзсіз.

Қорытынды

Жаһандану уақытысында даму қарқындылығымен көштің алдыңғы қатарына шыққан туризм индустриясынан түсетін табыстар әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің артуына, еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында кешенді реформалардың жүзеге асырылуын талап етіп отыр. Елімізде сандық технологияның енгізілуі, сандық Кодексті қабылдау бағытындағы жұмыстардың талқылануы, Цифрлық қалашық жобасы жұмыстарының басталуы туризм индустриясының қарқынды дамуына әсері сөзсіз. Цифрландыру аясында технологиялық (инновациялық) көрсеткіштерінің енгізілуі негізінде 2020 жылдан бастап мемлекет ішіндегі туристер мен көші-қон ағынын есептеу мақсатында Электрондық қонақ (eQonaq) цифрлық акпараттық жүйесінің қолданыста болуы, 2024 жылдан бастап, онлайн жұмыс жасайтын туристер үшін цифрлық (көшпенді) туристер үшін «Нео Номад» визасының енгізілуі туризм ағынына жағымды әсер етеді [15]. 2025 ж. республикамызда гидтердің жұмысын реттеу мақсатында (380 гид тіркелеген және ресми бейдж иесі) цифрлық «Электрондық гидтер» платформасының құрылуы арқылы мамандардың біліктілігі анықтау және бейресми адамдармен ажыратудағы қажеттілігі арқылы жоғары стандарттағы электрондық жүйелер жұмысын бастаған еді [16].

Әлем елдері арасында бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатанда Дүниежүзілік экономикалық форум (WEF) Туризм және саяхаттану индексіне қатысушы 119 мемлекеттері ішінде Қазақстан Республикасы 2024 ж. 52 орында және туризмнің тұрақты даму индексінің әлеуметтік-экономикалық әсері 5,5 баллға (1–7 баллдары аралығында) теңесіп, еліміздің әлеуметтік және экономикалық көрсеткіштеріне әсері бойынша жақсы нәтижелер көрсетіп отыр [17]. ҚР-сы 2025 жылғы әлемдік Әлеуметтік даму рейтингінде 58 орында (170 мемлекет ішінде), 0–100 индекс аралығындағы 71 индекске теңесті [18].

Мақаламызды қорытындылай отырып, авторлар келесідей нәтижеге келеді.

1. ҚР Туризм және спорт министрлігі, «Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы, Қазақстан туристік қауымдастығы және басқа да мекемелердің еліміздің туризм индустриясын дамыту мақсатында жүргізіп отырған іс-шараларының қарқынды түрде жүргізілуі нәтижесінде республикамыздың туризмді дамытудағы серпіні жағымды және оң шаманы көрсетеді.

2. Авторлардың зерттеу мақсатында таңдап алынған көрсеткіштерінің туризмді дамытудағы әсер етуі дифференциалды.

3. Зерттеу нәтижесі бойынша берілген көрсеткіштер арасында әлеуметтік және инвестиция көрсеткіштерінің басымдылық шамасының жоғарылығы анықталды. Олардың шамасын 6-кестедегі туризм индустриясына әсер етуші интегралдық көрсеткіштердің нәтижелерінен, соның ішінде инвестиция бойынша 0.33 және әлеуметтік көрсеткіші 0.27 мәндеріне теңесті, яғни аталған көрсеткіштердің туризмге жасқы әсерін көре аламыз.

Ішкі ресурстарды (табиғи, мәдени, тарихи, адами, қаржылай, сандық технология және тағы басқалары) пайдалана отырып, халықаралық стандарттарға жету мақсатында Қазақстан Республикасының ұлттық брендин қалыптастыруда кешенді жұмыстардың жүргізілуі қажет. Материалдық емес саланың қарқынды дамуы макроэкономикалық көрсеткіштердің артуына, халықтың тұрмыс-дәрежесінің өсуіне және аймақтар бойынша инфрақұрылымның дамуына әсері жоғары, сондықтан ішкі әлеуетті пайдаланып, экономикалық өсуге, табысты елге қол жеткізу Елбасының Халыққа Жолдауларындағы негізгі стратегиялардың бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Развитие туризма. Достижения за 30 лет. URL: <https://special.nur.kz/kazakh-tourism-2021> (дата обращения: 19.11.2025)

2 Түркістан Орталық Азиядағы ең ірі «Керуен-сарай» туристік кешені. URL: <https://primeminister.kz/news/turkistanda-ortalyk-aziyadagy-en-iri-keruen-saray-turistik-kesheni-ashyldy-1131436> (өтініш берілген күн: 20.10.2025)

3 Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 ж. желтоқсанғы № 375 бұйрығы. URL: <https://qaztourism.kz/upload/iblock/710/j0f3q4cv3uk7hq39l9wsaakyk0tkb9ys.pdf> (өтініш берілген күн: 30.11.2025)

4 Об утверждении Концепции развития туристской отрасли РК на 2023–2029 годы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000262> (дата обращения: 15.10.2025)

5 Послание Главы государства К.Ж. Токаева народу Казахстана «Казахстан в эпоху искусственного интеллекта: актуальные задачи и их решения через цифровую трансформацию». – 2025. URL: <https://www.akorda.kz/> (дата обращения: 15.10.2025)

6 Ismagulova S., Dmitriyev P., Dunets A., Janaleyeva K. Tourist relations Kazakhstan with the countries of the commonwealth of independent states at the modern stage // *GeoJournal of Tourism and Geosites*. 2020. No. 31(3). P. 1146–1152. URL: <https://doi.org/10.30892/gtg.31328-551>

7 Gurieva L., Kuchumov A., Testina Y., Kaledin V. From Digitization of Services to Formation of a Tourism Ecosystem in Russia / *Digital Transformation of Socio-Economic and Technical Systems: Theory and Practice. Lecture Notes in Networks and Systems*. 2025. P. 1309. URL: https://doi.org/10.1007/978-3-031-85608-2_17

8 Wei L., Ullah S. International tourism, digital infrastructure and CO₂ emissions: fresh evidence from panel quantile regression approach // *Environmental Science and Pollution Research*. 2022. Vol. 29. P. 36273–36280. URL: <https://doi.org/10.1007/s11356-021-18138-2>

9 Baena V., Cerviño J. Tourism in the era of social responsibility and sustainability: understanding international tourists' destination choices // *Sustainability*. 2024. Vol. 16. No. 19. P. 8509. URL: <https://www.mdpi.com/2071-1050/16/19/8509>

- 10 Henok B.G. Factors determining international tourist flow to tourism destinations: a systematic review // *Journal of Hospitality Management and Tourism*. 2021. Vol. 12. No. 1. P. 9–17.
- 11 Елдің туристік ағыны бойынша ақпарат. 2020–2025. URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-tourism/dynamic-tables/> (өтініш берілген күн: 03.03.2026)
- 12 Туризм статистикасы. 2025. URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-tourism/spreadsheets/?year=2025&name=18980&period=&type> (өтініш берілген күн: 04.03.2026)
- 13 Ұлттық шоттар статистикасы. 2020–2025. URL: <https://stat.gov.kz/industries/economy/national-accounts/publications/474199/> (өтініш берілген күн: 03.03.2026)
- 14 Қоршаған ортаны (экологияны) қорғауға бағытталған инвестициялар, халықтың жан басына шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестициялар. 2020–2025. URL: <https://taldau.stat.gov.kz/kk/NewIndex/GetIndex/701827?keyword> (өтініш берілген күн: 03.03.2026)
- 15 Қазақтуризм. NeoNomad жобасы. – 2025. URL: <https://qaztourism.kz/NeoNomad/> (өтініш берілген күн: 29.11.2025)
- 16 Единую цифровую платформу для гидов e-Guides разработали в Казахстане. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/tsm/press/news/details/972220?lang=ru> (дата обращения: 25.1.2025)
- 17 World Economic Forum. Travel & Tourism Development Index 2024: Kazakhstan. 2024. URL: <https://www.weforum.org/publications/travel-tourism-development-index-2024/interactive-data-and-economy-profiles-afaa00a59c/> (accessed: 30.11.2025)
- 18 Social Progress Imperative: Social Progress Index 2025. URL: <https://gtmarket.ru/ratings/social-progress-index> (accessed: 10.11.2025)

REFERENCES

- 1 Razvitie turizma. Dostizheniya za 30 let. URL: <https://special.nur.kz/kazakh-tourism-2021> (data obrashheniya: 19.11.2025) (In Russian)
- 2 Türkistan Ortalyq Aziadaғы ең ірі «Keruen-sarai» turistik kesheni. URL: <https://primeminister.kz/news/turkistanda-ortalyk-aziyadagy-en-iri-keruen-saray-turistik-kesheni-ashyldy-1131436> (ötiniş berilgen күн: 20.10.2025) (In Kazakh)
- 3 Qazaqstan Respublikasy Mädeniet jäne sport ministrınıñ 2021 j. jeltoqsanғы № 375 büiryғы. URL: <https://qaztourism.kz/upload/iblock/710/j0f3q4cv3uk7hq3919wsaakyk0tkb9ys.pdf> (ötiniş berilgen күн: 30.11.2025) (In Kazakh)
- 4 Ob utverzhdenii Konceptii razvitiya turistskoj otrasli RK na 2023–2029 gody. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000262> (data obrashheniya: 15.10.2025) (In Russian)
- 5 Poslanie Glavy gosudarstva K.Zh. Tokaeva narodu Kazahstana «Kazakhstan v jepohu iskusstvennogo intellekta: aktual'nye zadachi i ih resheniya cherez cifrovuju transformaciju». 2025. URL: <https://www.akorda.kz/> (data obrashheniya: 15.10.2025) (In Russian)
- 6 Ismagulova S., Dmitriyev P., Dunets A., Janaleyeva K. (2020) Tourist relations Kazakhstan with the countries of the commonwealth of independent states at the modern stage // *GeoJournal of Tourism and Geosites*. No. 31(3). P. 1146–1152. URL: <https://doi.org/10.30892/gtg.31328-551> (In English)
- 7 Gurieva L., Kuchumov A., Testina Y., Kaledin V. (2025) From Digitization of Services to Formation of a Tourism Ecosystem in Russia / *Digital Transformation of Socio-Economic and Technical Systems: Theory and Practice. Lecture Notes in Networks and Systems*. P. 1309. URL: https://doi.org/10.1007/978-3-031-85608-2_17 (In English)
- 8 Wei L., Ullah S. (2022) International tourism, digital infrastructure and CO₂ emissions: fresh evidence from panel quantile regression approach // *Environmental Science and Pollution Research*. Vol. 29. P. 36273–36280. URL: <https://doi.org/10.1007/s11356-021-18138-2> (In English)
- 9 Baena V., Cerviño J. (2024) Tourism in the era of social responsibility and sustainability: understanding international tourists' destination choices // *Sustainability*. Vol. 16. No. 19. P. 8509. URL: <https://www.mdpi.com/2071-1050/16/19/8509> (In English)
- 10 Henok B.G. (2021) Factors determining international tourist flow to tourism destinations: a systematic review // *Journal of Hospitality Management and Tourism*. Vol. 12. No. 1. P. 9–17. (In English)
- 11 Eldiñ turistik aғыny boıynşa aқпарат. 2020–2025 URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-tourism/dynamic-tables/> (ötiniş berilgen күн: 03.03.2026) (In Kazakh)
- 12 Turizm statistikasy (2025) URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-tourism/spreadsheets/?year=2025&name=18980&period=&type> (ötiniş berilgen күн: 04.03.2026) (In Kazakh)
- 13 Ұлттық шоттар статистикасы. 2020–2025. URL: <https://stat.gov.kz/industries/economy/national-accounts/publications/474199/> (ötiniş berilgen күн: 03.03.2026) (In Kazakh)

14 Qorşağan ortany (ekologiany) qorǵauǵa baǵyttalǵan investisialar, halyqtyñ jan basyna shaqqandaǵy negizgı kapitalǵa salynǵan investisialar. 2020–2025. URL: <https://taldau.stat.gov.kz/kk/NewIndex/GetIndex/701827?keyword> (ötiniş berilgen kün: 03.03.2026) (In Kazakh)

15 Qazaqturizm. NeoNomad jobasy. 2025. URL: <https://qaztourism.kz/NeoNomad/> (ötiniş berilgen kün: 29.11.2025) (In Kazakh)

16 Edinuju cifrovuju platformu dlja gidov e-Guides razrabotali v Kazahstane. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/tsm/press/news/details/972220?lang=ru> (data obrashhenija: 25.1.2025) (In Russian)

17 World Economic Forum. Travel & Tourism Development Index 2024: Kazakhstan. 2024. URL: <https://www.weforum.org/publications/travel-tourism-development-index-2024/interactive-data-and-economy-profiles-afaa00a59c/> (accessed: 30.11.2025) (In English)

18 Social Progress Imperative: Social Progress Index 2025. URL: <https://gtmarket.ru/ratings/social-progress-index> (accessed: 10.11.2025) (In English)

КАДЫРБЕКОВА Д.С.,¹

PhD, ассоциированный профессор.

e-mail: 6537275@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-8641-253X

АБДИЛДАЕВА Н.Д.,^{*2}

докторант.

*e-mail: naz.milady@mail.ru

ORCID ID: 0009-0003-8196-7677

ТОКБЕРГЕНОВА У.А.,²

м.э.н., ст. преподаватель.

e-mail: tokbergen75@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-9678-8124

КЛИМОВА Т.Б.,³

к.э.н., доцент.

e-mail: tklimova@bsuedu.ru

ORCID ID: 0000-0001-6329-8404

¹Казахская академия спорта и туризма,

г. Алматы, Казахстан

²КазНУ им. аль-Фараби,

г. Алматы, Казахстан

³Белгородский государственный национальный

исследовательский университет,

г. Белгород, Россия.

ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ И ПОКАЗАТЕЛИ, ВЛИЯЮЩИЕ НА ИНДУСТРИЮ ТУРИЗМА: НА ПРИМЕРЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация

Цель исследования – проанализировать показатели развития, влияющие на развитие туристической отрасли нашей страны, и определить их воздействие. Задачи статьи – анализ публикаций международных организаций и работ мировых ученых, предоставление авторских определений понятий туризма и туристических ресурсов, выявление и изучение показателей, влияющих на туристическую отрасль, получить результаты исследования, сделать выводы путем расчета соотношения веса и абсолютного значения каждого показателя со средним арифметическим выбранных показателей, а также проведен обзор научной литературы, посвященной исследованиям мировых ученых. Растущая интенсивность туристической индустрии является одной из наиболее актуальных тем, вызывающих особое внимание у ученых всего мира и международных организаций. Анализ показателей, оказывающих доминирующее влияние на туристическую отрасль, дающих новый импульс экономическому росту, а также синергетического и мультипликативного эффекта каждого из них повышает актуальность статьи. При анализе научной статьи авторы используют несколько научных методов для достижения целей и задач, поставленных в статье. Анализ и обобщение научных работ ученых из ближнего и дальнего зарубежья, вес каждого показателя по среднеарифметическому значению на основе данных Статистического агентства Республики Казахстан и Аналитической информационной системы «Талдау» за

2020–2025 гг. определяется доля приоритета и абсолютное значение каждого показателя. Резюмируя, можно сказать, что в результате интенсивной реализации мер, направленных на развитие туристической отрасли страны, наблюдается положительная динамика в развитии туризма в нашей республике, также выбранные для исследования показатели оказывали различное влияние на стабильность, при этом у некоторых влияние преобладает.

Ключевые слова: туризм, индустрия, показатели, удельный вес, приоритет, экономический рост, регион, развитие.

KADYRBEKOVA D.S.,¹

PhD, associate professor.

e-mail: 6537275@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-8641-253X

ABDILDAYEVA N.D.,^{*2}

doctoral student.

*e-mail: naz.milady@mail.ru

ORCID ID: 0009-0003-8196-7677

TOKBERGENOVA U.A.,²

m.e.s., senior teacher.

e-mail: tokbergen75@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-9678-8124

KLIMOVA T.,³

c.e.s., associate professor.

e-mail: tklimova@bsuedu.ru

ORCID ID: 0000-0001-6329-8404

¹Kazakh Academy of Sports and Tourism,
Almaty, Kazakhstan

²Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan

³Belgorod State National Research University
Belgorod, Russia.

DEVELOPMENT TRENDS AND INDICATORS AFFECTING THE TOURISM INDUSTRY: ON THE EXAMPLE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

The aim of the study is to analyze sustainable development indicators affecting the tourism industry of our country and determine their impact. The objectives of the article are to analyze publications of international organizations and works of world scientists, to provide the author's definitions of the concepts of tourism and tourism resources, to identify and study indicators influencing the tourism industry, to obtain the results of the study, draw conclusions by calculating the ratio of the weight and absolute value of each indicator with the arithmetic mean of the selected indicators, and also conduct a review of the scientific literature devoted to the research of world scientists. An analysis of the indicators that have a dominant influence on the tourism industry, giving new impetus to economic growth, as well as the synergistic and multiplier effect of each of them increases the relevance of the article. When analyzing a scientific article, authors use several scientific methods to achieve the goals and objectives set in the article. An analysis and summary of scientific works by scientists from near and far countries, the weight of each indicator by the arithmetic mean value based on data from the Statistical Agency of the Republic of Kazakhstan and the Taldau Analytical Information System for 2020–2025. To sum up the article, it can be said that as a result of the intensive implementation of measures aimed at developing the country's tourism industry, there is a positive trend in the development of tourism in our republic.

Keywords: tourism, industry, indicators, share, priority, economic growth, region, development.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 01.01.2026